

Әдістемелік кеңес хаттамасы

Хаттама № 7

Өткізілген күні: 12.03.2026 жыл

Қатысқандар: 23

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Көктем мезгілінде баланың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықпен таныстыру.
2. Наурыз айында өтілетін мерекелерге дайындық, педагогикалық жұмыс, музыка залын, топтар мен дәліздерді безендіру.
3. Ертеңгіліктер кестесі мен сценарийлерін бекіту.
4. II тоқсан бойынша балалардың сырқаттануы жөніндегі көрсеткіш қорытындысы.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Төрайым: А.Е. Карбалина сөз сөйлеп, көктем мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мәселесіне тоқталды. Ол көктемде ауа райының тұрақсыз болатынын, таңертең суық, күндіз жылы болуы мүмкін екенін атап өтті. Осыған байланысты балаларды қабаттап киіндіру, серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, суық тию мен жұқпалы аурулардың алдын алу қажеттігін айтты. Сонымен қатар, ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын күшейту керектігін жеткізді.

Сөйлегендер:

Әдіскер: Г.Ж. Ниетбаева – балалардың киімін күнделікті ауа райына сай бақылау қажет екенін айтты.

Медбике : З.Т. Бурханова – топ бөлмелерін жиі желдетіп, тазалықты сақтау маңызды екенін атап өтті.

2-мәселе бойынша:

Әдіскер: Г.Ж. Ниетбаева сөз алып, Наурыз мерекесіне дайындық жұмыстары туралы баяндады. Ол мерекенің тәрбиелік маңызына тоқталып, балаларға ұлттық салт-дәстүрлерді таныстыру қажеттігін айтты. Музыка залын ұлттық нақышта безендіру, топтарда көрме ұйымдастыру, дәліздерді мерекелік безендіру жоспарлары ұсынылды. Сонымен қатар, педагогтар арасында міндеттер бөлініп, жауапты тұлғалар белгілеу қажеттігі айтылды.

Сөйлегендер:

Тәрбиеші: М. А. Сариева – безендіру жұмыстарында ұлттық элементтерді көбірек қолдану керектігін ұсынды.

Тәрбиеші: Г.І Смагулова – ата-аналарды да мерекеге тарту қажет екенін айтты.

3-мәселе бойынша:

Әдіскер: Г.Ж Ниетбаева ертеңгіліктердің кестесі мен сценарийлерін таныстырды. Әр топқа арналған мерекелік бағдарламалар мазмұны каралып, балалардың жас ерекшеліктеріне сай әзірленгені атап өтілді. Сценарийлерде өлеңдер, билер, ұлттық ойындар қамтылған. Сценарийлерді қысқа әрі мазмұнды ету керектігін және барлық балаларды қатыстыру маңызды екенін атап өтті.

4-мәселе бойынша:

Медбике Бурханова З.Т. II тоқсан бойынша балалардың сырқаттану көрсеткіштері туралы есеп берді. Ол суық тию, тұмау ауруларының жиі тіркелгенін айтты. Сонымен қатар, алдын алу шаралары ретінде дәрумендер беру, бөлмелерді желдету, санитарлық талаптарды сақтау қажеттігін атап өтті.

Сөйлегендер:

Менгеруші А.Е. Карабалина – аурудың алдын алу жұмыстарын күшейту керек екенін айтты.

Әдіскер: Г.Ж. Ниетбаева – ата-аналармен байланыс жұмыстарын арттыруды ұсынды.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Көктем мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша барлық қауіпсіздік шаралары қатаң сақталсын.
2. Ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Наурыз мерекесіне дайындық жоспары бекітіліп, барлық жұмыстар уақытылы орындалсын.
4. Музыка залы, топтар және дәліздерді безендіру жауапты педагогтарға жүктелсін.
5. Ертеңгіліктердің кестесі мен сценарийлері бекітілсін және белгіленген мерзімде өткізілсін.
6. Балалардың сырқаттануын азайту мақсатында алдын алу шаралары күшейтілсін.
7. Медициналық бақылау және санитарлық талаптарды сақтау тұрақты жүргізілсін.

Төрайым: _____

Хатшы: _____